



Автор: Баетова Ақсауле Жамалханқызы
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік
Тақырып: Әлемді өзгерткен жаңалықтар шағын жобасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.3.1 Ортақ қолжетімді файлдарды орналастыру, өзгерту, жүктеу.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Ортақ қолжетімді файлдарды орналастыру, өзгерту, жүктеу. Көпшілігі: Жобаны іске асыру үшін қажетті ақпаратты таба алу және іріктеу. Кейбірі: Жоба құру кезінде ортақ қалтада жұмыс істеу.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология -жоба, ақпаратты іздеу, зерттеу, критерийлер Диалог/жазылым үшін қажетті сөз тіркестері Интернеттен пайдаланылған ақпараттардың сілтемесін көрсету қажет • Өзгенін ойын көшіріп алу деп атайды • Интернеттен ақпарат алу үшін.....
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар істей алады: - Әлемді өзгерткен жаңалықтар туралы мағлұматтарды талқылай алады. - Жоба тақырыбын таңдау себептерін айта алады. - Өз жобасына қажетті кілтті сөздерді сипаттай алады.
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> Ортақ қолжетімді файлдарды орналастырады, өзгертеді, жүктейді. <input type="checkbox"/> Жобаны іске асыру үшін қажетті ақпаратты таба алады және іріктейді. <input type="checkbox"/> Жоба құру кезінде ортақ қалтада жұмыс істейді. <input type="checkbox"/> Аяқталған жобаның бағалау критерийлерін талқылайды және толықтырады
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтарға баулу арқылы тәжірибелік жұмыста шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілік арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуға баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Математика, медицина, тарих
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 мин)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, түгендеп, ынтымақтастық атмосферасын құру. Оқушыларға «Шаттық шеңберінде» бір-біріне ыстық ықылас білдіруін түсіндіру Мыс: - кереметсің! -ға жапсың! -тамашасың! т.б. «Балмұздақ таяқшалары» әдісі арқылы 2 топқа бірігеді. I топ «Интернет», II топ «Жоба» Мұғалім оқушыларды топ ережесімен және сабақтың критерийімен таныстырады. Оқу мақсаттарын анықтайды және талқылайды. Үй тапсырмасын «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі арқылы сұрақ-жауап ала отырып еске түсіреміз: 1. Құпия сөз деген не? 2. Құжатқа құпия сөз орнату не үшін қажет? 3. Құжатқа құпия сөзді қалай орнатамыз? 4. Құжатқа құпия сөз орнатудың қандай әдістері бар? 5. Құжатқа құпия сөз орнатудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ата? Оқушыларды жауаптарына қарай смайликтер арқылы бағалап отырамын. Мотивация «Кім жүйрік?» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу Екі топқа астында сан жазылған әріптерді таратады. Әріптерді сандардың кему реті бойынша орналастырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	<p>Жаңа сабақ. «Миға шабуыл» - Балалар, қалай ойлайсыңдар, әлемді қандай жаңалықтар өзгертуі мүмкін? Мұғалім «Жоба» сөзіне анықтама беріп өтеді. Жобаның мақсатын, тапсырмасын айтып өтеді. Оқушыларға тақырыпқа қатысты тапсырма береді, тапсырмаларды дискриптор арқылы бағалайды. 1-тапсырма Сәйкестікті орнатыңыз. Операция Жалпы қолданысқа рұқсат ету үшін файлдарды орнату Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлдарды өзгерту Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлды жүктеп алу Жағдаят Біз сыныптастарымызбен жобаға суреттер қоямыз және мәтінді реттейміз Мен сыныптастарымның құжаттарындағы ақпаратты қолданамын Сыныптастарым менің топтамамадағы суреттерді қолдана алады</p> <p>Дескриптор Білім алушы: <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат ету үшін файлдарды орната біледі; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлдарды өзгерте алады; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлды жүктеп алады. 2 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлдарды орналастырудың әрекеттер тізбегін көрсетіңіз: Тышқанның оң жақ батырмасын басу → Қою Команда ы таңдау. Жалпы компьютерді ашу → жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу Менің компьютерімді ашу → Желі белгісін таңдау Компьютеріңдегі файл белгісін белгілеу → Көшіру командасын таңдау Дескриптор Білім алушы: <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлдарды орналастырудың әрекеттерін ажырата алады; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлдарды орналастыру әрекеттер тізбегін біледі. 3. Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгертудің әрекеттер тізбегін көрсетіңіз. Файлды өзгерту → Файлды сақтау Жалпы компьютерді ашу → жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу Менің компьютерімді ашу → Желі белгісін таңдау Өзгерту үшін файл белгішесін ерекшелеу → Ашу командасын таңдау Дескриптор Білім алушы: <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгертудің әрекеттер тізбегін біледі; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгертудің әрекеттер тізбегін ажырата алады 4. Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды жүктеп алу әрекеттерін таңдаңыз және орындалу ретін көрсетіңіз. Бумада тышқанның оң жақ батырмасын басу → Қою Командасын таңдау. Жалпы компьютерді ашу → Қажетті жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу Файлға өзге істер енгізу Менің компьютерімді ашу → Желі белгісін таңдау Компьютеріңдегі файл белгісін белгілеу → Көшіру командасын таңдау Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды белгілеу → Көшіру командасын таңдау Дескриптор Білім алушы: <input type="checkbox"/> Файлдарға жүргізілетін операциялар мен жағдаяттар арасындағы сәйкестікті анықтайды; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадан файлды жүктеу үшін орындалатын әрекеттер тізбегін демонстрациялайды; <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгерту үшін орындалатын әрекеттер тізбегін демонстрациялайды <input type="checkbox"/> Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлды орналастыру үшін орындалатын әрекеттерді анықтайды; <input type="checkbox"/> Орындалу ретін көрсетеді. Мұғалім: Оқушыларсы суреттер қандай жаңалықтарды бейнелейді? Оқушылардың ықтимал жауаптары: - Біріншісі – робот, одан кейінгілері соңғы үлгідегі смартфондар, медицина саласы, дамушы Қазақстан т.б. Мұғалім: - Бүгін біз «Әлемді өзгерткен жаңалықтар» шағын жобасы бойынша жұмысты бастаймыз. Тақырыптар ішінен әр топ біртақырып таңдайды және жобатүрінде осы ақпаратты жасайды. Оқушылар таңдаған тақырып бойынша жобаны көрсету түрін (формасын) таңдайды. Оқулықтың 53-бетінде берілген тақырыптардың біреуін таңдайсыңдар: 1. «Ақпараттық техника саласындағы соңғы жаңалықтарға шолу» 2. «Медицина саласындағы соңғы жаңалықтарға шолу» 3. «Қазақстан дамыған 30 елдің қатарында» 4. «Қазақстанның дамуы, халқының өсуі, тұрмысының жақсаруына шолу жасау» Компьютерлік практикум Техника қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Оқушылар жобаға керек онлайн ақпарат іздейді. Ақпаратты ортақ қалтада сақтайды. Жоба жасайды. Қабілеті жоғары оқушыларға «ЭКСПО -2017» тақырыбында жоба жасау. Дескриптор <input type="checkbox"/> Жобаға керек ақпаратты іздей алады; <input type="checkbox"/> Ақпаратты ортақ қалтада сақтайды; <input type="checkbox"/> Дизайн қоса алады; <input type="checkbox"/> Сілтемелерді қоса алады;</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 мин)	Қорытындылау. Сабақты пысықтау үшін «Қар бұрқасыны» әдісі арқылы екі топ бір-біріне сұрақтар қояды. - Жоба деген не? - Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды жүктеп алу үшін қандай іс-әрекет орындайсыңдар? - Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгертудің әрекеттер тізбегін ата? - Жалпы қолданысқа рұқсат ету үшін файлдарды қалай орнатамыз? - Жоба жасау үшін ақпаратты қайдан алуға болады? - Жоба жасауды қандай ережелерге сүйенген жөн?	
Рефлексия (2 мин)	Кері байланыс «Кемпірқосақ» Өз стикеріңізді тандаңыз Менде сұрақтар қалды Барлығын түсіндім Жұмысыма қанағат емеспін	